



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

7. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті» Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөзі. 18.04.2014//www. akorda.kz.

УДК 94(574)

Ж.САДУАҚАСОВТЫҢ ЗАҢ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Ахметшина Гульден Уалихановна

guldena_82@mail.ru

Тарих магистрі, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - З. Кабульдинов

Зиялы қауым өкілі Жанайдар Садуақасов (1898-1938 жж) Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына зор еңбек сіңірген мемлекет және қоғам қайраткері, саяси репрессияның жазықсыз құрбаны. Ж.Садуақасов 1928 жылдың 17 қаңтарынан 1929 жылдың желтоқсан айына дейін Әділет Халық Комиссары (әрі қарай - ӘХК) және Республика Прокуроры болып қызмет атқарды. Осы жауапты қызметті атқару барысында Қазақстанда заңдылықты нығайтуға, заң кадрларын тәрбиелеуге, халық мүддесіне қажетті заң баптарын енгізуге үлес қосты. Ол өз заманының құқық саласындағы жаңашыл, ізденімпаз реформаторы болды. Мемлекеттік заңдылықты сақтау жолында аянбай еңбек етті. Ж.Садуақасов ең алдымен, прокуратураның жергілікті әкімшілік органдарға тәуелділігі – орган жұмысына едәуір кедергі келтіретіндігіне назар аударды. Прокуратураны жергілікті әкімшілік органдарға тәуелділіктен құтқарғысы келіп, жоғарғы органдардан көмек сұрады. Прокуратураны қаржыландыруды жергілікті бюджетке көшіру оны әкімшіліктің айтқанынан аса алмайтын органға айналдырады деп есептеді. Әділ шешімге келуге шақырып, Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесіне (әрі қарай - ХКК), өлкелік партия комитетіне, Қазақ Атқару Комитетіне, сондай-ақ Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының (әрі қарай - РКФСР) орталық органдарына хат жолдады. «Прокуратураның жергілікті бюджеттен қаржыландырылуы,- деді Ж.Садуақасов,- әкімшіліктің оны әміршіл құқықтармен басқаруына мүмкіндік береді. Прокуратура- тек заңның бұзылуын тіркеумен, ұсыныстар енгізумен шектелуге мәжбүр. Әсіресе, бұл құбылыс байлардың мүліктерін тәркілеу мен жер аударудан айқын көрініс береді» [1].

1928 жылы 12 наурызда өлкелік партия комитетінің бюро отырысында Ф.И.Голощекин тәркілеу Декреті туралы баяндамасымен сөз сөйлеп, онда бұл декреттің жобасын жасау барысында коммунистердің екі міндетті есте сақтау керектігі туралы айтты: 1. мүлкі тәркіленген байлар міндетті жер аударуға жатады; 2. тәркілеу процесін 2 ай ішінде аяқтау қажет [1,3].

Жоғарыда аталған жобаны қайта қарауға Ф.И.Голощекин құрамына Ж.Садуақасов, Н.Нұрмақов, М.Тәтімов, И.Каширин, Ғ.Тоғжанов, Ұ.Құлымбетов енген жаңа комиссия құрды. Оның жұмыс жасауына бір күн берілді. Осылайша, 14 наурызда өлкелік партия комитетінің кезекті бюросы шақыртылып, онда Ж.Садуақасов декреттің жаңа жобасын жариялады. Онда байлардан тәркіленген малдарды кедейлерге үлестіріп беру және ауқатты коммунистерден «артығын» алу туралы шешім қабылданды [2].

Алайда, Қазақстан тұрғындарының атынан И.В.Сталиннің, М.И.Калининнің аттарына келіп түскен хаттар бұл процестің ресми құжаттардың пайда болуынан бұрын басталғандығын көрсетеді. Қалыптасқан жағдайды анықтау үшін Орталықтан Киселев бастаған комиссия келді. Бұл туралы «Правда Востока» газеті былай деп жазды: «В некоторых местах Казахстана применялись незаконные меры и репрессии в связи с выявлением скрытых объектов обложения; при этом за нарушение существующих законов

производилась конфискация имущества. Президиум ВЦИК по телеграфу предложил правительству Казахской АССР немедленно приостановить в Семипалатинском округе и других местах Казахстана незаконные мероприятия» [2, 221].

Бұл ақпараттар түскеннен кейін аймақтарды тексеру және қажетті шараларды қолдану ӘХК прокуратура бөліміне жүктелді. Жұмыс Ж.Садуақасовтың тікелей басшылығымен жүргізілді. Б (б) КП Қазақ өлкелік Комитеті секретариатының 1928 жылғы 13 мамырдағы (№28 хаттама) отырысында сот органдарының жұмысын тексеру үшін ӘХК өкілдерін Семей губерниясына жіберу туралы шешім қабылданды. Шешім негізінде жіберілетін өкілге сот-тергеу органдарын тексерумен қатар, байлардан тәркіленгендерді пайдалану мәселесін де тексеру жүктеліп, Семей губерниясына Бекбатыров жіберіліп, көптеген заң бұзушылықтар анықталды [3].

1925 жылы 25 мамырда Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР ХКК-ң РКФСР Қылмыстық кодексін (әрі қарай - ҚК) рулық тұрмыстың қалдықтарын құрайтын қылмыстар туралы «Х» жаңа тармағымен толықтыру туралы қаулысы шығарылып, оған әйелдердің еңбегі мен тұрмысын жақсарту жөніндегі барлық комиссияларға өз тараптарынан ұсыныстарын білдіруге рұқсат берілді. Осы қаулыға сәйкес, ӘХК 1927 жылы 30 мамырда Қылмыстық кодекстің тұрмыстық қылмыстар бөлігіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы талқылау бойынша шаралар өткізу жөнінде №11/к циркулярын әзірлеп, аймақтарға таратқан болатын [4].

Аталған шараларды жүргізу үшін орталықта ӘХК жанынан, ал аймақтарда губерниялық прокуратура және Учаскелік прокурор көмекшілері жанынан Өлкелік комиссиялар құрылды. Жұмыстардың қорытындысын шығару 1928 жылдың 10 қаңтарына дейін кейінге қалдырылғандықтан, 10 қаңтардан бастап ӘХК ұсынған циркуляр бойынша жүргізілген жұмыстардың есептері түсе бастады. Осы есептер жер-жерлерден жинала бастаған шақта Ж.Садуақасов та Әділет органы мен Бас прокуратураның басты билігін өз қолына алып, қауырт жұмыс науқанына тап болды. Жергілікті жерлердің пікірлерін есепке ала отырып, ол ҚК-ң тұрмыстық қылмыстар туралы бөлімінің жаңа жобасын әзірледі. Жоба әзірленіп болғаннан кейін, Өлкелік Комитетте қызу талқылаудан өтті. Өлкелік Комитет қалыңмал және көп әйел алушылықпен күресті айыппұлды арттыру сияқты экономикалық әсер ету арқылы және ҚК баптарындағы сәйкес санкцияларды бас бостандығынан айыру жолымен жүргізуді қажет деп тапты [4, П. 202].

Ж.Садуақасов қалыңмал және көп әйел алушылықпен күресті аймақтарда күнделікті, үздіксіз жүргізу қажет деп есептеді. Бұл мәселеге тек қана прокуратура органдары мен сот-тергеу органдарын ғана емес, жергілікті жерлердің мәдени күштерін, халыққа білім беру мекемелері мен дәрігерлерді де тартты. Соған байланысты, аймақтарда әйел бөлімдері жанынан қалыңмал мен көп әйел алуды зерттеу жөніндегі комиссиялар құрылды. Тұрмыстық қылмыстарды халық қылмыс ретінде қабылдамайтындықтан, онымен күрес жүргізу қиынға соқты. Соттық әсер ету шаралары жалпы алдын-алу жұмыстарынсыз жеткілікті нәтижелер берген жоқ. Прокуратура мен сот органдары ауылдық жерлерде тұрмыстық қылмыстармен күресті заңдылықты сақтауды насихаттау түрінде жүргізді. Бұл жұмыстар қызыл киіз үйлерде де талқыланды.

1928 жылы 3 маусымда Қазақ өлкелік «Қалың мал мен көп әйел алушылық жойылсын!» қоғамы құрылды. Оның мақсаты – халықтың тұрмысын жақсарту мен сауықтыру ісінде әуесқойлықты арттыру, еңбекші әйелдерге қалың мал мен көп әйел алушылыққа байланысты заң бұзушылықтарға қарсы тұруға көмектесу, әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою, оларды қоғамдық қызметтерге тарту, әйелдер мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін іс-шаралар ұйымдастыру және т.б. Осылайша, сол уақытқа дейін қазақ қоғамында тұрмыстық қылмыс болып қалыптасып, оны тәртіптік жазаға тарту заңдастырылмай келген қалыңмал және көп әйел алушылыққа қарсы күреске қоғамдағы барлық сала жұмылдырылды [4, П. 223].

Ж.Садуақасов рулық тұрмыстың қалдықтарын құрайтын қылмыстар бойынша резолюцияның жобасы жан-жақты талқыланып, соңғы нұсқасы дайын болғанда, Қазақ Орталық Атқару Комитеті (әрі қарай - ҚОАК) Президиумының 1928 жылдың 15 наурыздағы отырысында (№34 хаттама) жариялап, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің (әрі қарай - БОАК) бекітуіне төмендегі редакцияда ұсынды [4, II. 161]:

194 бап - тұрғылықты халықтың салт-дәстүрі бойынша кек алудан немесе заңды түрде қудалаудан босататын, кісі өлтірушінің өлген адамның ата-анасына, туған-туыстарына және руына сатып алу ретінде төлейтін мүліктік сыйы – құн үшін сый (құн) тәркіленеді немесе алынған құнның көлемінде айыппұл салынады;

195 бап - Қазақстанда таралмайды

196 бап – тұрғылықты халықтың салт-дәстүрі бойынша күйеу жігіттің қалыңдық үшін оның ата-анасына, туған-туыстарына немесе жақындарына ақшалай, малдай немесе қалыңдықты дәл осы күйеу жігітке ұзату міндеттерін белгілейтін басқа да мүліктерді тарту етіп, сатып алуы (қалыңмал) үшін – 2 жылға дейін бас бостандығынан айрылады немесе 2 000 сом айыппұл салынады;

Қалыңмалды қабылдауға – алынған қалыңмалды немесе қалыңмал мөлшеріндегі басқа да мүліктерді тәркілеумен сол шаралар қолданылады;

Ескерту: тәркіленген қалыңмал немесе салынған айыппұл қазақ әйелінің тұрмысын жақсарту қорына аударылады.

197 бап - қорқыту немесе күштеу арқылы, көбінесе әмеңгерлік немесе қарсы құда, сонымен қатар қалыңмал төлеу жолымен әйелдің қарсылығына қарамай неке қиғандығы үшін 5 жылға дейін бас бостандығынан айрылады;

Әйелді зорлау арқылы осындай неке қиған тұлғаларға да осы шаралар қолданылады.

Ескерту: әмеңгерлік дегеніміз - өлген ағасының (інісінің) немесе жақын туысының жесіріне мұрагерлік бойынша үйлену. Қарсы құда дегеніміз – қалыңмал төлеуден құтылу мақсатында өзара құдаласу.

198 бап – неке жасына жетпеген тұлғамен неке қию немесе ондай неке қиюға мәжбүрлеу үшін – 3 жылға дейін бас бостандығынан айрылады;

199 бап – Екі әйел алу немесе көп әйел алу – бір жылға дейін бас бостандығынан айрылады немесе 1 000 сомға дейін айыппұл салынады;

200 бап – Барымта- зардап шегушіні немесе оның ата-анасын, туған-туыстарын, жақындарын ұрлаушыға немесе оның ата-анасына, туған-туыстарына ренжіткендіктері үшін қанағаттануға немесе жасаған зиян-зардабы үшін сыйлық беруге мәжбүрлеу мақсатында малды немесе басқа мүліктерді иемденбей рұқсатсыз алу - 6 ай мерзімге дейін мәжбүрлеу жұмыстарына тартылады немесе 500 сомға дейін айыппұл салынады;

Қаруланған жағдайдағы осы әрекеттер үшін – 1 жылға дейін бас бостандығынан айрылады.

Тұтас ру немесе көп туыстардың қатысуымен ұйымдастырылып жасалған сондай әрекеттер үшін ұйымдастырушылар, арандатушылар мен жетекшілер 3 жылға дейін бас бостандығынан айрылады немесе 1 000 сомға дейін айыппұл салынады, ал қалған қатысушылар - 1 жылға дейін бас бостандығынан айрылады.

Ескерту: қақтығыс кезінде кімде-кімге жасалған зорлық - өлім, дене жарақаты, соққы жеу және т.б. осы зорлық сәйкес келетін белгілермен қылмыс болып қудаланады.

201 бап – РКФСР Жер кодексінің 66 бабына келесі мазмұндағы толықтырулар енгізеді:

«Аула мүшелерінің біреуі екі немесе көп әйел алғандығы үшін және неке жасына келмеген тұлғамен неке қиғандығы үшін сотталған жағдайда, аталған қылмыстардан зардап шеккен әйелдер (РКФСР ҚК Х тарауының 198 және 199 баптары) неке салдарынан аула құрамына кірген тұлғалардың барлық құқықтарын пайдалануды жалғастырады».

202 бап – РКФСР ҚК 11 бабын келесі мазмұндағы ескертумен толықтыруды ұсынды:

«Тым болмағанда, ҚК 153 бабының ескертуі бар рулық тұрмыстың қалдықтарын (ҚК Х тарауы) құрайтын қылмыстар туралы істер жалпы негізде зардап шегушінің ниетінен бөлек қозғалады».

203 бап – ақсақалдық - соттық, әкімшілік немесе басқа органдар жүргізуге тиесілі істерді шешу және қабылдау – 2 жылға дейін бас бостандығынан айыруға және 1 000 сомға дейін айыппұл салуға тартылады.

Ж.Садуақасов тәркіленген малды немесе салынған айыппұлды қазақ әйелдерінің тұрмысын жақсарту қорына аударуға шешім қабылдау арқылы әйелдердің қоғамдағы ролін арттыруға күш салды. Ол қазақ қоғамындағы мал ұрлауды Қазақстанның мал шаруашылығына орасан зор зиян әкелетін және ұлтаралық қақтығысты шиеленістіретін тұрмыстық қылмыстардың бірі ретінде бағалай келіп, мал ұрлауға тосқауыл қойып, оны тұрмыстық қылмыс ретінде заңдастыруға және онымен күреске заң органдарын тартуда көп еңбек етті. Ол 1928 жылдың 7 мамырындағы Б (б) КП Қазақ өлкелік Комитеті секретариатының отырысында (№27 хаттама) мал ұрлаушылармен күрес жөніндегі жергілікті атқару комитеттер мен ҚОАК жанындағы ерекше үштіктер туралы баяндама жасады. Баяндама барысында Қазақстандағы мал ұрлау және онымен күресудің маңызды роль атқаратындығына тоқтала келіп, ерекше үштіктердің болуын дұрыс деп таныды. ҚОАК мен ХКК-не мұны жиналыс түрінде ресімдеп, БОАК-не мал ұрлаумен күрес жөніндегі ерекше оперативтік үштік құруды ұсынып, қолдау хат жазуларын сұрады [3, П. 290].

Ал, Б (б) КП Қазақ өлкелік Комитеті секретариатының 1928 жылғы 13 мамырдағы (№28 хаттама) отырысында Ж.Садуақасов еңбекші мал шаруашылықтарында мал ұрлаудың артуы туралы баяндама жасады. Ол еңбекші мал шаруашылықтарында мал ұрлауды тоқтату үшін, оған қолданылатын іс-шараларды күшейту керек деп ұйғарып, мал ұрлауға ҚК-ң 166-а бабын емес, жоғары санкциялы 166 бабын қолдануға партия ОК-ң алдында қолдауды ұсынды [3, П. 303].

Ж.Садуақасов 1928 жылы 30 сәуір - 6 мамыр аралығында өткен ҚОАК-нің VI шақырылымдағы үшінші сессиясында ҚОАК шешімімен ӘХК С.Мамбеевтің орнына ХКК құрамына енгізілді [5].

Ж.Садуақасов өте әділетті және қайырымды, қарапайым халықтың мұң-мұқтажын түсінетін Әділет Халық Комиссары болды. Ол Қазақстан аймақтарында егін, астыққа байланысты әділетсіз сотталып, зардап шегіп жатқан қарапайым шаруаларды бостандыққа шығарып, нағыз заң бұзушыларға лайықты жазасын беруді талап етті. Оны Семей округтық прокурорына 1928 жылдың 29 шілдесінде жолдаған келесі мәтіндегі жеделхатынан да көруге болады: «Предлагаю освободить из под стражи всех осужденных и привлеченных следствию 62 ст. УК средняков и маломощных немедленным возвращением владельцам конфискованного скота, другого имущества, также освободить зажиточные элементы населения из под стражи, передачей скота, другого имущества на хранения владельцам до окончательного разрешения дел в Верховном суде» [4, П. 233].

Ж.Садуақасов Әділет Халық Комиссары және Республика Прокуроры ретінде 1928 жылдың 12 тамызында барлық округтық прокурорларға астық өткізбегендігі үшін соттық және әкімшілік тәртіпте сотталған шаруаларды тез арада босатуды, тергеліп жатқан және қарастырылмаған қылмыстық істерді тоқтатуды талап еткен хат жолдады [4, П. 232].

Сонымен қатар, 1928 жылы 4 тамызда Семей, Ақтөбе, Қарқаралы және Павлодар округтарының прокурорларына жолдаған хатында амнистия бойынша 62 баптың бірінші тармағымен қаралған жарлылар мен ауқаттылардың істерін сотталғандарды босатып, оларға барлық тәркіленген мүліктерді қайтару арқылы тоқтатуды талап етті. Осы бұйрықтың негізінде қамаудан байлар да босатылды, тек тәркіленген мүлікті қайтару үшін оның құны 100 сомнан аспауы тиіс болды [4, П. 235].

Осылайша, Ж.Садуақасов қазақ қоғамында орын алған байларды тәркілеу саясатына тосқауыл қойып, оны тоқтатуға ықпал етті. Ол Б (б) КП Қазақ өлкелік Комитеті

секретариатының 1928 жылдың 11 желтоқсанындағы отырысында (№61 хаттама) ӘХК өзінің көмекшісі, тәжірибелі прокурор Жалнинді әділет органдарының, олардың нұсқаушыларының жұмысын тексеру және оларға заңдылықты сақтауға көмек көрсету үшін Семейге, Павлодарға және Қарқаралы округтеріне жіберу туралы ұсыныс жасады [3, П. 292].

Ұсыныс комитет тарапынан қолдау тапқаннан кейін, ӘХК-ң Жалнин бастаған қызметкерлері Қазақстанның әр аймақтарына аттанды. Жұмыс барысында тексерушілер 50 беттен тұратын есеп жасады. Заң бұзушылықтардың шектен шыққандығын анықтады. Қолда бар мәліметтерге жүгінсек, тек қана Павлодар округы бойынша 1873 адам қамауға алынды. Оның ішінде 603 кедейлер (32,2%), 822 орта шаруалар (43,9%), аумақтылар 251 (13,4%), 179 кулактар (6,9%), 68 саудагер (3,6%) болды [2, 222].

Бұл туралы Ж.Садуақасовтың атына келіп түскен арыздар дәлел бола алады. Ташказак уезінің №16 аулының тұрғыны Шадман Нұрлыбаев уездік халық сотының шешімімен оның қартайған әкесінен салық төлемегендігі үшін деген желеумен 500 қойды, 2 жылқыны және бір түйені тәркілеп, өзін 4 жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарғандығы туралы күйінішпен жазды. Тексеріс нәтижелері арыз берушінің арбаның дөңгелегіне жағатын майынан бастап барлық ұсақ-түйегін тәркілегендігі туралы анықтады. Түскен арыздар мен нақты фактлерге жүгіне отырып, Ж.Садуақасов біріншіден, жергілікті жерлерде биліктің берген өкілеттілікті шектен тыс асыра пайдаланады деген қорытындыға келді. Әрі сол асыра сілтеушіліктің салдарын жоюға мән берілмеген, жөнсіз тартып алынған мал-мүліктерді қайта алып беруге ешкім қол ұшын бермеген. Екіншіден, жергілікті органдардың әкімшілігі заң бұзушылықтар туралы үндемейді, ешқандай ақпараттар бермейді, зардап шеккендердің пайдасына шешілген өзгерістер туралы да мәліметтер жоқ. Демек, ешқандай бақылау болмаған және ұйымдастырылмаған. Үшіншіден, заңсыздықтар үшін бірде-бір адам жазаға тартылмаған деген тұжырым жасады [2, 222, 223].

Ж.Садуақасов болған шындықты жоғары билік органдарынан жасыруды жөн көрмей, 1929 жылы 3 қазанда болған ҚОАК-не жіберген ақпаратында Қазақстандағы байларды тәркілеу саясатын жүргізу барысында заңсыздықтарға жол берілгендігін, тіпті қылмыстық іс-әрекеттердің орын алғандығын айтып, оны тоқтату қажет деп санайтындығын жеткізді. Ол голощекиндік террор кезінде басын қатерге тігіп, өз ойын ашық білдірді, заңсыздықтарды нақты айта білді. Ж.Садуақасов өзін өз қызметінің аясында барлық заңнамада белгіленген тәртіп негізінде жауап беретін, билікті де білгір басшы, өзіндік ұстанымы бар адал жүректі азамат екендігін тағы да бір дәлелдеді. 1932 жылы БКП Орталық бақылау комиссиясының төрағасы Е.М.Ярославскийдің атына республика басшыларының атынан Ф.И.Голощекиннің басқару әдісін қатаң сынға алып, онымен жұмыс істеудің мүмкін еместігін ашық айтып жазған хатқа қол қойған басшылардың ішінен Ж.Садуақасовтың да қолын көруге болады. Ол тіпті 1933 жылы шілдеде болған Қазақ өлкелік партия комитетінің VI пленумында ел ішінде орын алған асыра сілтеушіліктер мен келеңсіздіктерді, мемлекет басқарып отырған басшылардың жіберіп алған өрескел қателіктерін қатаң сынға алды. Ф.И.Голощекиннің асыра сілтеу саясатына, озбыр саясаттың әкелген зардаптарына саяси тұрғыдан былай деп баға берді: «...басшылықтың негізгі қатесі колхоздастыру мәселесінде болды. Олар социалдық құрылыстың біз бастан кешірмеген дәуірлерін айналдырған 2-3 жылдың ішінде-ақ аттап өте шығамыз деген асығыстыққа жол берді. Сөйтіп бұрынғы басшылық коммунизмге жету үшін белгілі даму сатыларынан өтпей болмайды деген Ленин сөзін ұмытты. Сол жолды ұмытқандықтан, дұрысын айтсақ мұны бұрмалағандықтан, колхоздасу ісінде ірі-ірі қателіктерге ұрынды. Отырықшыландыру секілді өте қажетті істе де көптеген солақайлықтарға жол берді. Капитал елдері ғасырлар отырықшыланатын, бірақ Кеңестер одағында мұны ғасырлар бойы күтудің керегі жоқ. Солай бола тұрса да, бұл шараның бірталай уақытта керек ететіні анық еді. Отырықшыландыру жұмысын екі жылдың ішінде-ақ аяқтап шығуға тырысты. Тиісті әзірліктің істелмегендігіне, көшпелі ауылда ескі рушылдық әдеттердің көптігіне, оның бәрі ауылды жаңа жолға салуда кедергі жасайтындығына

карамады... Ауылдың өзгешеліктерін ескерудің дұрыстығын айтудың орнына бұрынғы басшылық сол ауыл өзгешелігін ескеру керек деген көздерге құлақ аспады. Ауылдың өзгешеліктерін ескермек болған жолдастарға Голощекин мен оның жандайшаптары күн көрсетпеуге айналды; ондайларға ұлтшылсың, оппортунистсің деген ат қойып, айдар тақты да отырды. Бұрынғы басшылықтың саяси қателіктерінің бірі- мал басының, мал санының арту жағына зер сала қоймады. Қазақстан жағдайын, оның мешеулігін біле отырса да, артта қалған ауылдың мал шаруашылығын 2-3 жылдың ішінде ғана қайта құрып ала қоюдың ешбір мүмкіндігі болмаса да, соны біле отырса да, мал шаруашылығындағы істің негізі – малдың басын көбейтуде емес, сапасын арттыруда деп сіресті...» [6].

Осылайша, голощекиндік саясатты сынаған Ж.Садуақасов жауапкершіліктен жалтармай, республика басшылары мен өзінің де жіберген қателіктерін мойындады: «... Қазіргі әңгіменің түйінді жері сол, жолдастардың қателерін тілмен емес, нағыз іспен толық мойындауында. Қатеңді мойындадың ба десеңіздер мен өзім әбден мойындадым деймін. Біздің ең басты кінәміз – Орталық Комитетке дер кезінде айта алмадық, оған большевиктік батылдығымыз жетпеді», - деді. Осы орыс тілінде айтқан сөзін залда отырған қазақ басшыларының намысына тигізіп, олардың халық алдындағы жауапкершілігін сезіндіру үшін: «... дер кезінде айтуға бәріміздің де еркектігіміз жетпеді», - деді [2, 234].

Ж.Садуақасов ӨХК ретінде 1928 жылы 18 желтоқсанда (№62 хаттама) «пәренже» туралы заң шығару жөнінде құрылған комиссияның құрамына енді. Е.Ерназаров төрағалық ететін комиссияға «пәренже» туралы заңды шығарумен байланысты мәселелерді әзірлеуге бір апталық уақыт берілді [3, П. 301].

1928 жылы 22 қарашадағы (№58 хаттама) Орталық Атқару Комитеті (әрі қарай - ОАК) мен ҚАКСР ХКК қаулысымен 27.08.1928 жылғы ОАК мен ҚАКСР ХКК қаулысының негізінде жүргізілген бұрын ерекше топтарға жатқызылған тұлғалар мен байлардың мүліктерін тәркілеу тоқтатылды. Тәркілеу туралы декретті жүргізу үшін ұйымдастырылған жергілікті және Орталық комиссия 1928 жылдың 1 желтоқсанынан бастап өз жұмысын тоқтатты. Аудандық және округтық комиссиялардың барлық іс-қағаздары сәйкес атқару комитеттеріне (әрі қарай - атком), Орталық Комиссияның іс жүргізу бөліміне, ҚОАК мен ХКК-ң іс-құжаттар басқармасына тапсырылды. Тәркілеу бойынша көшіруге арыз-талаптарды 1928 жылдың 1 желтоқсанынан кейін жалпы белгіленген тәртіпте прокуратора органдарына беруге рұқсат берілді. Тәркілеуге және көшіруге байланысты істерді жүргізген барлық сот органдарына 1929 жылдың 1 қаңтарына қарай істерді тоқтату, ал жасырылған малдарды анықтау бойынша жұмыстарды әрі қарай ОАК мен ХКК-ң 1928 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес милиция органдары арқылы жүргізу тапсырылды. Ал табылған мал 27.08.1928ж. декретте белгіленген тәртіпке сай аткомдарға бөлінуге тиіс болды [3, П. 277].

Жағымпаздықтан бойын аулақ ұстап, асыра сілтеушілікке тосқауыл бола білген Ж.Садуақасов құқықтық бағытта да көптеген оң істерде жаңа бастамалар көтерді. Оның бастамасы бойынша ХКК-де жазалау шараларына қатысты ҚК-ң IX бөлімінің нормалары жан-жақты талқыланып, оларды (біршама кең тараған қылмыс түрлеріне қатысты) күшейту туралы шешім қабылданды. Соттық-тергеу органдарына әйелдер тартыла бастады. ҚОАК 04.03.28 ж. шешімімен және VI шақырылымдағы ҚОАК 3 сессиясындағы әйелдерді тарту шаралары баяндамасы бойынша ӨХК сот - прокурор органдарындағы әйелдер санын 10% - ке жеткізуді басты мақсат етіп қойды. 1929 жылға дейін бұл мақсат келесідей көлемде орындалды: округтық соттардың (әрі қарай - окрсот) 95 мүшесінің - 14 немесе 14,7%, 88 прокурор қызметкерлерінің- 89%, 234 халық сотының- 24 (10,2%), 212 халық тергеушілерінің - 3 (1,4%) әйелдер құрады. Ж.Садуақасовтың күш салуына байланысты, 1929 жылдың аяғында халық заседательдерінің 50,5% қазақтар құрап, оның 10,5% әйелдер болды. 1928 жылы сот органдарындағы әйелдер саны жауапты жұмыскерлердің жалпы санымен

салыстырғанда: окрсоттарда- 7,4%, халық соттарында- 6%, прокуратурада- 5% және тергеу органдарында- 1% құрады [2, 226].

Әйтсе де, ӘХК халық заседательдері қызметінде әйелдердің 25% болып, оның тең жартысы қазақ әйелдері болу керек деген жоспары толық орындалмай қалды. Сондықтан, ӘХК және Республика Прокуроры Ж.Садуақасов Әділет органдарының алдына халық заседательдері әйелдермен нақты жұмыс жасап, оларды сот жұмыстарына тарту және оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін кадр қорын жасауды тапсырды [3, П. 276].

1928 жылы жергілікті құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіру үшін әкімшілік-территориялық өзгерістер енгізілді. Осы жылы жазда аудандастыру жүргізілді: 6 губернияның, 2 округтың, 32 уездің және 400 болыстың орнына 13 округ, 193 аудан құрылды. Ж.Садуақасовтың және ӘХК үндеуінде: «Аудандастырудың басты мақсаты- билікті қарапайымдап, халықпен жақындастыру, оның құқықтық қажеттіліктерін қанағаттандыру», - делінді [2, 227].

Сондықтан да, әділет органдарын аудандастырудың негізгі басымдылығы – жұмысты дұрыс жолға қоюды жақсарту, оған белгілі бір деңгейде тиімділік беру арқылы аппараттың желісін кеңейту және оны оңтайландыру болып табылды. Ж.Садуақасов ӘХК ретінде Прокуратура органдары - учаскелік (аудандық) желілердің аудандастыру жобасын жасау барысында жалпы жағдайды, әр округтың өзіне тән территориялық ерекшеліктерін, халықтың сандық және ұлттық құрамын, олардың немен айналысатындығын, сонымен қатар, соттық-тергеу желісін ескерді. Сонымен қатар, Ж.Садуақасов ХК ЖШИ учаскелік Прокуратура желілерін кеңейтіп, оның штаттық бірлігін екі бірлікке – Прокурор көмекшісі мен хатшы ғана қалдырып қысқарту туралы қаулысымен келіспей, оның тиімсіздігін, техникалық аппараттың жеткіліксіздігінен, яғни екі ғана бірлігі бар Прокуратураның өз жұмысының, әсіресе тұрғындардың арыз-талаптары бойынша жұмыстарының аясын қысқартуға мәжбүр болатындығын айтты [7].

Ж.Садуақасов, учаскелік Прокуратура желісінің кеңейтілгендігіне қарамастан, 1927-1928 бюджеттік жылына белгіленген 4 штаттық бірліктің орнына 3 штаттық бірліктің - Прокурор көмекшісі мен хатшының, іс жүргізушінің болуын талап етті. Учаскелік абактының қызметіне шығын келтірмес үшін, бар штатты бір бірлікке қысқартып, күзетші-курьерді ғана қалдыруды ұсынды. Ол алдағы бюджеттік жылда учаскелік Прокуратура желісін 37-ден 57-ге арттырып, желіні 20 учаскелік (аудандық) абактыға көбейтуді жоспарлады. Округтық Прокуратуралармен бірлесіп Прокуратура органдарының желісін 71 бірлікке дейін арттырып, прокуратура қадағалауымен ауылды және шалғай аймақтарды кең көлемде қамтуды көздеді. Ол Прокуратура органдарын халықпен жақындастыру қажет деген ұстанған негізгі қағидаға сәйкес, Прокуратураның округтық аппаратының округтық орталықтарға жақын аудандарға тікелей қызмет көрсетуін дұрыс деп таныды, жоспар бойынша бір Прокуратураға орташа есеппен алғанда, 2,6 ауданнан келді [7, П. 132 об].

Ж.Садуақасов желілерді кеңейтуге қатысты алға қойған мақсаттың орындалуы біріншіден, прокурорлық қызметкерлер құрамының екі есеге артуымен, бар учаскелік абактылардың қысқартылуымен жеңілдетіледі деп түсіндірді. Мұндай абактылар 11 болды. Екіншіден, барлық учаскелік Прокуратуралардың штатын бір техникалық бірлікке қысқарту арқылы бірқатар қаражат үнемдеуге болады деп есептеді. Осылайша, он бірден аса Прокурор көмекшілері мен 37 күзетші-курьерді ұстауға жұмсалатын қаражат есебінен, желілерді кеңейту жоспарының біршама бөлігін жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырды. Ұйымдастыру шығындарына қосымша қаржының бөлінуі ағымдық бюджеттік жылда (1928ж) 10-11 учаскелік (аудандық) Прокуратураны ашуға мүмкіндік берді [7, П. 132 об].

Ол округтық Прокуратураға округтық орталыққа және бір-екі жақын ауданға қызмет көрсету жүктелгендіктен, болашақ округтық орталықтардағы учаскелік Прокуратураларды ауылдық жерлерге көшіру қажет деп есептеді. Соған сәйкес, ӘХК аудандастыруды жүргізу барысында: 1. 6 губерниялық Прокуратураны округтық Прокуратура ретінде қайта

ұйымдастыруды; 2. Жаңа 5 округтық Прокуратураны ұйымдастыруды; 3. Прокуратураның 11 учаскелік абақтысын ұйымдастыруды; 4. 16 учаскелік Прокуратураны округтық орталықтардан ауылдық аймақтарға ауыстыруды жоспарлады. Сонымен қатар, аудандастыру сәтінде ашылған 11 учаскелік Прокуратурадан басқа, ӘХК желілерді кеңейту жоспарына сәйкес жаңа бюджеттік жылдан бастап (1929ж) 9 учаскелік Прокуратура құруды жоспарлады. Бұл үшін 1) ұйымдастыру шығындарына 3 960 сом қаражат бөледі; 2) Прокуратура органдарының (учаскелік және округтық) аппаратын ұстауға жұмсалатын несиелердің мөлшерін 1928-1929 жылға 75 506 сом 35 тиынға көбейтуді талап етті [7, П. 133].

Ж.Садуақасов 1927/1928 жылы 56 бірлікке – 9 губерниялық және 37 учаскелік Прокуратураға жұмсалған 272 290 сомның орнына, Прокуратура органдарының желісін ұстауға 1928-1929 жылы 343796 сом, 35 тиын жұмсауды жоспарлады, және Прокуратура аппаратын ұстауға бюджеттен бөлінетін қаражаттың жыл сайын артуын заңдылықты нығайтудың аса қажеттілігімен түсіндірді. Жоспарланған әр округтың территориясындағы Прокуратура органдарының желісінде 1 кестеде [7, П. 133 об] көрсетілген өзгерістер енгізуді көздеді:

1 - кесте

Прокуратура органдарының желісінде жоспарланған өзгерістер

	Округтердің атауы	Жұмыс істеп тұрған желі		Жоспарланған желі		Барлығы		Болашақта ауыстыруға жоспарланғаны
		Губ.окр. уезд. прокуратура	Учаскелік прокуратура	Округтік	учаскелік	Округтік	учаскелік	
	Қарақалпақ Автономдық Округы бойынша	1	4	-	1	1	5	1
	Орал	1	3		-	1	4	1
	Теңіз	-	1	1	-	1	3	1
	Адай	1	-	-	1	1	1	-
	Қостанай	1	5	-	-	1	6	2
	Қызыл-жар	1	3	-	2	1	6	1
	Ақмола	-	2	1	1	1	4	1
	Сырдария	1	4	-	-	1	5	1
	Қызылорда	-	2	1	1	1	3	1
0	Павлодар	-	1	1	1	1	2	1
1	Семей	1	4	-	-	1	6	2
2	Алматы	1	4	-	1	1	5	2
3	Ақтөбе	1	3	-	1	1	5	1
	Барлығы	9	36	4	8	13	55	15

Соттық органдарға келетін болсақ, мұнда окрсоттар төменгі соттық-тергеу желісі ретінде жергілікті бюджеттің қарамағында болды. Губерниялық соттардың (әрі қарай - губсоттар) жауапты қызметкерлері - төрағасы мен төраға орынбасарларының санының артуына байланысты 14 окрсоттарды ұстауға 1927/28 жылы бөлінген қаражаттың орнына 17

812 сом, 82 тиынға артуын талап етті. Аудандастырумен байланысты ұйымдастыру шығындарына – 5 округтық соттың жабдықтары мен қызметкерлерді қайта бөлу үшін 17 350 сом бөлуді сұрады [7, П. 134].

1928 жылы Қазақстанның барлық аймақтарына аудандастыруға байланысты территориялық өзгерістер, оған дайындық барысы туралы нұсқаулық хаттар жолданып, ол туралы ақпараттарды ӘКХ-на тапсыруға 1 мамырға дейін мерзім берілді. Ж.Садуақасовтың 1928 жылы 3 наурызда Ақмола губерниялық сотының төрағасына (Петропавл қаласы) жіберген нұсқау хатында ХК ЖШИ Алқасының 12.01.1928ж. қаулысына сәйкес бұрынғы Ақмола губерниясының территориясында округтардың санына сай екі окрсот – Қызылжар және Ақмола сотын ұйымдастыру қажеттігі туралы айтылды. Окрсоттардың штаттары келесідей ретте белгіленді: 1) Қызылжар окрсоты – 26 бірлік (оның ішінде- 1 төраға, 2 орынбасар, 3 окрсот мүшелері және 1 артық (резервте) сот, яғни басқару құрамы – 7 бірлік); 2) Ақмола окрсоты - ол да 26 бірлік (оның ішінде- 1 төраға, 2 орынбасар, 3 окрсот мүшелері және 1 артық сот, яғни басқару құрамы – 7 бірлік) [7, П. 109].

Ж.Садуақасов окрсот мүшелері мен артық соттардың лауазымдарына бұрын губсоттарда істеген қызметкерлерден басқа, Халық соттары мен тергеушілердің сот жұмыстарында жұмыс атқарып, өздерін жақсы көрсеткен, тәжірибелі мамандарды, сондай-ақ басқа ведомстваларда жұмыс істейтін, бірақ бұрын әділет органдарында жұмыс істеген және сот жұмыстары бойынша белгілі қызметкерлерді тандап алуды тапсырды. Сонымен қатар, соттық – тергеу желісін округтық бөлуде ресімдеумен байланысты мәселелерді жан-жақты ойластырып жасаудың қажеттілігіне назар аударуды сұрады. Әр округтың аудандарға бөлінетіндігі белгілі. Жоба бойынша Қызылжар округында - 21, Ақмолада – 14, яғни екі округтың территориясында – 35 аудан ұйымдастыру жоспарланды [7, П. 109 об].

Ж.Садуақасов аудандастыру барысында сот учаскелерін әр округқа бөлуде әр округтың соттық-тергеу желісінің барлық территорияны толық қамтып, соттық және тергеу жұмыстарына жеткілікті қызмет көрсетуін қамтамасыз ету мәселесін алға қойды. Соған қарамастан, соттық-тергеу желісінің ешқандай қысқартуға жатпайтындығын айтып, бір ауданға 1 соттық учаске және екі ауданға бір тергеу учаскесі болу керек деген басты қағиданы ұстанды. Сонымен қатар, болыстық бөліну бойынша белгілі әр аудан аймағында пайда болған істердің санын, әр жеке ауданның қуаттылығын ескеруді және аралас учаскелерді құру қажеттілігін болдырмас үшін аудандардың ұлттық құрамын назарға алуды тапсырды. Ол жоғарыда аталған барлық жағдайларды ескере отырып, біріншіден әр округтың барлық аудандарының дербес соттық-тергеу желісінің болуы, екіншіден бұл желілердің жеткілікті болуы қажет деп есептеді. Және қандай жағдай болмасын қысқартуға ілікпеуін және керісінше қажеттілігіне қарай артуын қадағалады. Ж.Садуақасов осы мәселеге қатысты: «Бұл мәселелерді талқылау барысында бар учаскелерді округтар бойынша бірден бөліп тастау мүмкін болмағандықтан, учаскелердің жаңа желісін жобалауға тура келеді, олай болмаса болыстық бөлінуде бар учаскелердің территориясы аудандық бөлінуге ауысу барысында өзгереді және олардың территориясы әр ауданға, тіпті аралас округтарға жататын болады», - деді [7, П. 110].

Сонымен бірге, ол егер басшылық ұсынған округтық және аудандық бөлініс жобасында алдағы уақытта белгілі бір өзгертулер болатын болса, материалға сәйкес түзетулер енгізудің жеңіл болатындығын айта келіп, келесі мәселелерді ескеруді ұсынды: 1) ұйымдастырылып жатқан Окрсоттардың құрамын жасақтау үшін бұрын оларды сот органдарына бекітуге қол жеткізген сәйкес қызметкерлерді белгілеу; 2) әр учаскелерде камералардың орналасқан жерін көрсете отырып, әр округ бойынша соттық-тергеу учаскелерін аудандастыру жобасын жасау; 3) қажет болған жағдайда қосымша учаскелерге жобамен сметасын жасап, желіні арттыруды жобалау; 4) учаскелердің шекараларының өзгеруіне байланысты желіні ресімдеу бойынша істерді бір учаскеден екінші учаскеге, сонымен қатар Губсоттардың істерін Окрсоттарға беруді дайындау [7, П. 110 об].

Семей губерниясының территориясында округтардың санына сәйкес үш окрсот – Семей, Павлодар және Қарқаралы окрсоттарын құру жоспарланды. Олардың штаттары келесідей ретпен белгіленді: 1) Семей окрсоты – 26 бірлік (оның ішінде 1 төраға, 2 орынбасар, 3 окрсоттың мүшесі және 1 артық (резервтегі) сот, яғни басқару құрамы – 7 бірлік); 2) Павлодар окрсоты – 19 бірлік (оның ішінде - 1 төраға, 2 орынбасар, 2 окрсоттың мүшесі, яғни басқару құрамы – 5 бірлік); 3) Қарқаралы окрсоты – 8 бірлік (оның ішінде - 1 төраға, 1 орынбасар, 2 окрсоттың мүшесі, яғни басқару құрамы - 4 бірлік). Осындай бөлу жолымен бұрынғы Семей губерниясының территориясында басқару құрамы 16 бірлікпен анықталды. Окрсоттарды білікті мамандармен жасақтау үшін үміткерлерді сәйкес органдармен талқылап, келісіп, олардың тізімін ӘХК-на қорытындысымен бірге жіберу тапсырылды. Жоба бойынша Семей округында - 23, Павлодарда – 9 және Қарқаралыда – 9, ал үш округтың барлық территориясында 41 аудан ұйымдастыру жоспарланды. Сол кезде осы территория аясында болған 58 соттық учаскелер мен 31 тергеу учаскелерін әр округ бойынша толық және жеткілікті қамтамасыз ету үшін дұрыс бөлуді тапсырды [7, П. 117].

Округтар саны 14 болды (сонымен қатар Қарақалпақ Автономдық округы), соған байланысты, окрсоттарының саны мен оның штаттары да өзгертілді. ХК ЖШИ Алқасының 12.01.1928ж. қаулысына сәйкес Ж.Садуақасов бұрынғы Сырдария губерниясының территориясында округтардың санына сай екі окрсот – Сырдария және Қызылорда окрсоттарын ұйымдастыруды жоспарлады. Бұл окрсоттардың штаттары келесідей болды: 1) Сырдария окрсоты – 26 бірлік, (оның ішінде – 1 төраға, 2 орынбасар, 3 окрсот мүшесі және 1 артық (резервтегі) сот, яғни басқару құрамы – 7 бірлік); 2) Қызылорда окрсоты – 8 бірлік (оның ішінде – 1 төраға, 1 орынбасар және 2 окрсот мүшесі, яғни басқару құрамы – 4 бірлік). Осы жоспар бойынша Сырдария губерниясының территориясында ұйымдастырылатын окрсоттар үшін басқару құрамы 11 бірліктен тұрды және жоба бойынша Сырдария округында–21, Қызылордада – 8, ал екі округтың барлық территориясында 29 аудан құру жоспарланды [7, П. 113].

1928 жылы 5 наурызда Ж.Садуақасов Ақтөбе губерниялық сотының төрағасына Ақтөбе губсотының Президиумы әзірлеген (27.10.1927ж. №20 хаттама) соттық-тергеу учаскелерін жаңа аудандастыру жобасына сәйкес нақтылау енгізуді сұрап хат жолдады. Губсотының үстеме соттық-тергеу учаскелерін ұйымдастыру туралы қаулысымен байланысты ӘХК жергілікті бюджеттің жетімсіздігіне байланысты тергеу учаскелерінің санын арттыру туралы мәселенің жүзеге асуға мүмкіндігі жоқ екендігін жеткізді. Көп істер туындайтын, кемінде екі сот камерасын ашуды талап ететін біршама ірі аудандардың әр ауданында тергеу камераларын ұйымдастыру мүмкін екендігін, ал істері де, аудандары да ауқымды емес жерлерде екі ауданға бір камера ұйымдастыру қажеттігін жеткізді. Ол аудандастырудың мұндай қағидасы - бар учаскелердің өз шегінен шықпай дербес тергеу желісін құруға мүмкіндік береді деп есептеді. Ал, сот учаскелерін арттыру мәселесінде жоғарыда аталған мәселелерді ескере келіп, мұны қажетсінетін жерлерде ешқандай штатсыз жаңа халық соттарын қабылдауға қол жеткізу қажет, ал жұмысы көптеу Халық сотына көмек беруге тағайындалған бұл қосымша сот осы камераның техникалық аппаратын пайдалана алады және қосымша бірліктерге жұмсалатын шығын біршама қысқартар еді деп тұжырымдады [7, П. 130].

Аудандастыру реформасында бірқатар еңбек сіңірген Ж.Садуақасов халық соттарының жұмысын дамыту, қызметкерлердің ұлттық құрамын қазақтармен жасақтау, сот істерін қазақ тілінде жүргізу ісінде де өзіндік қолтаңбасын қалдырды. 1928 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша Қазақстандағы халық сотының құрылуын 2 кестеден [2, 227] көруге болады:

2 - кесте

1928 жылғы Қазақстандағы халық соттары

Округтың аты	Халық соттарының саны	Халық соттарының қай тілде жүргізілгендігі					
		қазақ	орыс	каз/орыс	өзбек	ұйғыр	қарақалпак
Семей	35	17	18	-	-	-	-
Павлодар	13	7	6	-	-	-	-
Қарқаралы	9	8	1	-	-	-	-
Ақмола	18	10	7	1	-	-	-
Петропавл	28	8	20	-	-	-	-
Қостанай	19	7	10	2	-	-	-
Ақтөбе	18	10	6	2	-	-	-
Орал	17	10	4	3	-	-	-
Гурьев	10	6	1	3	-	-	-
Сырдария	30	18	7	1	4	-	-
Қызылорда	14	11	3	-	-	-	-
Алматы	27	16	9	-	-	2	-
Адай	6	6	-	-	-	-	-
Қарақалпақ обл	12	5	2	-	1	-	4
Барлығы	256	139	94	12	5	2	4

Сондай-ақ, 256 халық сотынан басқа 5 халық соты Түркістан-Сібір темір жолының бойында жұмыс істеді [2, 227].

Ж.Садуақасов ҚАКСР-да соттардағы өндірісті жеңілдету және жеделдету, оңтайландыруды жоспарлап, ол туралы нұсқаулар берді. ӘХК-ң учаскелерді жеңілдету бойынша негізгі циркулярларының ішінен ӘХК-ң 1928 жылғы 26 ақпандағы №14 нұсқаулық хатын және 1928 жылдың 28 шілдесіндегі №39 циркулярды айтуға болады. Ж.Садуақасовтың сот органдарына ұсынған негізгі іс-шаралары келесідей болды: а) аяқталмаған істер саны айлық өткізу қабілеттілігінен асатын соттар барлық тыңдауға тағайындалған істерді қайта қарап, оған сәйкес қозғалыс беру (тоқтату, сотқа немесе тергеуге беру, тыңдауға тағайындау); б) істерді тыңдауға ӘХК белгілеген тәртіпте кезектілікпен тағайындау; в) жеңілдетуді жойғанға дейін ай сайын кемінде 20 күнді істерді талқылауға арнау; г) сот отырыстарын тез әрі тиімді өткізу (істерді дайындау және тыңдау тәртібі жан-жақты көрсетілген); д) барлық шараларды қолдана отырып, істерді кейінгі қалдыруды болдырмау; е) ұрандық сот шараларын жүргізу барысында жеңілдету бойынша жұмыстардың қарқынын бұзбау; ж) халық соттарының арыздар мен өтініштерді нақты белгіленген уақытта – яғни, таңертең және кешке қабылдауы; з) жұмысы біршама ауыр аймақтарға, учаскелерге халық сотына көмек беру үшін сот мүшелерін немесе губсотының өкілеттілерін іссапарға жіберіп отыру; и) әрбір Халық сотына оны орындамаған жағдайда жауапкершілікке тартылатын, өткізу қабілеттілігінің қатаң нормаларын әзірлеу; к) барлық Халық соттарындағы істерді өткізу мерзімін тексеру; л) Халық соттарының өкімдері мен шешімдерін тек нақты заң бұзушылықтар анықталған жағдайда ғана тоқтатуға жол беру; м) шағым істерін (кассациялық) тыңдауға тек екі тарап да шағымданған жағдайда тағайындау; и) жұмыстағы жоспарлықты қадағалауды күшейту [8]

Ол істерді жеңілдету мәселесінде жалпы нұсқаулық бұйрықтарды берумен қатар, аймақтардан алынған материалдардың (жұмыс жоспары, Пленум хаттамалары, есептік баяндамалар) негізінде әр окрсотқа жеке тапсырмалар берді. Жекелеген санаттардың істерін қарауды жеделдетуге қатысты ӘХК келесі өкімдерін келтіруге болады [9]:

1. «Су шаруашылықтарына (Водхоз) берілген істерді жедел қарау туралы» 20.01.1928ж. №1_р2 циркулярлық өкімі (ХК алқасының 10.01.1928ж. қаулысы);

2. «Еңбек сессияларындағы (еңбек істерін ешқандай кезектілікке қарамай қарастыру, батырақ істерін қарастырудың тәртібі, осы саладағы жұмыстарға прокуратура тарапынан тексеру орнату) істердің қозғалысын бақылауды өзгерту туралы» 04.02.1928ж. циркулярлық өкімі;

3. «Мал ұрлаумен күшті күрес жүргізу (осы шараны жүргізудің жоспары мен әдіс-тәсілдері) туралы» 19.02.1928ж. №12 циркулярлық өкімі;

4. Мерзімі өтіп кеткен соттарды жою бойынша өткізіліп жатқан ұранды шарамен байланысты «Осы сияқты істерді жедел қарау және осы істер бойынша шешімдерді тез арада орындау туралы» 26.02.1928ж. №1_p2 циркулярлық өкімі;

5. «Салық төлемеуді жою іс-шаралары туралы» 26.02.1928ж. №414/39/402 циркулярлық өкімі;

6. «Зиянкес мақта орушылармен күрес (зиянкес мақта орушыларды Қылмыстық кодекстің 169 бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту және бұл істерді сот органдарында қарау) туралы» 14.03.1928ж. циркулярлық өкімі;

7. «Ұсақ істерді (оларды кезекші камераларда қарау тәртібі, оларды шешу бойынша жұмыстың күнтізбелік жоспарын жасау. Бұл істердің сотта да, тергеу органдарында де алға басуының жылдамдығы туралы) қарау туралы» 14.03.1928ж. циркулярлық өкімі;

8. «Қаржы Халық Комиссариатының кассаларында, болыстық, аудандық кассаларда, арнайы жинақ кассаларында қазынаға келтірілген шығындар бойынша істерді жедел қарау және елтаңбалық мүлікті сату әдістері туралы» 31.03.1928ж. №1_p2 циркулярлық өкімі;

9. «Мал ұрлаумен күрес жөніндегі шараларды жүргізу (қылмыстың санаты, барлық мал ұрлау істерін есепке алу, бұл жұмыстарға басшылық жасауды арнайы тапсыру, бұл шараны өткізуге қаражат іздестіру) туралы» нұсқаулары бар 12.05.1928ж. №1_p2-с циркулярлық өкімі;

10. «Суды қолдану тәртібін бұзушылықтармен шешуші күрес жүргізу туралы» 15.05.1928ж. циркулярлық өкімі;

11. «Салық салу нысандарын жасырумен күрес (көрсету мақсатында істерді жергілікті жерлерде қарастыру, көшпелі Сессияны ұйымдастыру, істер түсісімен кідіріссіз қарастыру) туралы» 17.05.1928ж. №4615/880 м циркулярлық өкімі;

12. ӘХК-ң «Зиянкес мақта орушылармен күрес туралы» 16.06.1928ж. №1_p2 растайтын өкімі;

13. «Суды қолдану тәртібін бұзушылықтармен шешуші күрес жүргізу туралы» ӘХК өкімін растайтын 30.09.1928ж. №1_p2 циркулярлық өкімі;

14. «Сақтандыру жинақтарын шығындау және ақшалай қаражаттарды асыра жұмсау бойынша істерді жедел қарау туралы» 11.10.1928ж. №1_p2/33 циркулярлық өкімі;

15. «Қорық аймағында балықты ұрлап аулаумен күресті реттеу (бұл әрекеттің санаты және бұл санаттағы істі қарастырудың жеделдігі) туралы» 02.10.1928ж. №1_p2/52 циркулярлық өкімі;

16. «Суды пайдалану тәртібін бұзу және суды пайдалану бойынша даулардың негізінде пайда болған істерді жедел қарастыру туралы» 17.11.1928ж. №1_p2/335 циркулярлық өкімі (ҚАКСР ХКК 30.10.1928ж. қаулысы);

17. «Тұрмыстық қылмыстармен (тың тұрмыстық істер байқалатын аудандарды анықтау, жеңілдетуге шешуші шаралар қабылдау, осы істердің аяқталу мерзімі, сот өкімдерінің орындалуын бақылау, қалыңмал мен көп әйел алуды анықтау бойынша іс-шаралар, көп әйел алудағы заң бұзушылықтарды анықтау, қалыңмалдың жасырын түрі және онымен күрес) күресті күшейту туралы» 26.01.1929ж. №23/145 циркуляр;

18. «Зиянкес мақта орушылармен күресті күшейту туралы» 10.02.1929ж. №1_p2/82 циркулярлық өкімі (ҚАКСР ХКК 15.01.1929ж. қаулысы).

Б (б) КП Қазақ Өлкелік Комитетінің 1929 жылғы 6 қарашадағы (№154 хаттама, №110 б қаулы) бюро отырысында Ж.Садуақасовқа, ол басқаратын ӘХК мен Прокуратураға

кедейлік арасында жүргізілетін жұмыстарды арттыру, оның ішінде несие беру, машинамен қамтамасыз ету жұмыстарында заң бұзушылықтарды қатаң жазаға тарту, әсіресе шаруашылық салығын, су жинағын, жерлерді ұлттандыру және т.б заңдылықтарды қатаң сақтауды қамтамасыз ету тапсырылды [10]

Ж.Садуақасов тек заңдылықты нығайтып, заң кадрларын дайындап қана қоймай, бұқара халықтың құқықтық сауатын ашуға да баса назар аударды, бұл әсіресе ауылдық жерлердегі халықпен жұмыста біршама жүйелі сипатқа ие болды. Осы жұмыстардың бастауында жаппай халықпен тікелей және жанды байланыстың әдіс-тәсілдері келесідей жолдар арқылы басты орын алды: 1) ауылдар мен қазақтар көп орналасқан аймақтарға бару; 2) жұмысшылардың, малшылар мен шаруалардың жиналыстарында халықтың «құқық» түсінігін қалыптастыру мақсатында баяндамалар жасау және әңгімелесу; 3) арыз-өтініштерді қабылдау және қарастыру; 4) баспасөздегі әшкерелеу бойынша тергеу амалдары; 5) соттың көшпелі сессиясын өткізу; 6) заңнамалар бойынша кеңестер беру; 7) баспасөзде мақалалар жариялау [11].

Мысалы: 1927/1928 жылдары он округтың мәліметтері бойынша Прокуратура қызметкерлері 2 326 күнге 222 жерге барды. 8 окрсоттардың мәліметтері бойынша 1928 жылы ауылдар мен кишлактарға 61 сапар жасады. Бұл қызметкерлер төмендегідей құқықтық тақырыптар бойынша баяндамалар жасады: а) болыстық және аудандық конференцияларда, кеңестер съезінде—144; б) ауылдық жиындарда—436. Халықтан арыздар мен өтініштер қабылданып, ол бойынша – 1 232 түсініктеме беріледі, оның ішінде – 1178 яғни 96% қанағаттандырылды. Ал, сот қызметкерлері құқықтық тақырыптарға 293 баяндама жасап, бір жыл ішінде (1928 жыл) 138 көрсету процестері өткізілді [11, П. 2].

Ж.Садуақасов ӘХК басқарғанға дейін Қорғаушылар алқасы мүшелерінің жұмысы есепке алусыз жүргізіліп, еңбекшілердің талаптарынан алшақ болса, ал 1928 жылы жұмыстары бір жүйеге келтірілгеннен кейін Қорғаушылар алқасының мүшелері құқықтық тақырыпқа 814 баяндама жасап, газеттерге құқықтық тақырыпта 735 мақала жариялады. Егер Қорғаушылар алқасы мүшелері округтық орталықтарында емес, ауылдық жерлерде көп шоғырланса, бұл сандар аталған көрсеткіштерден артық болар еді. Егер, 1928 жылғы көрсеткіштерді Прокуратура баяндамалары бойынша алдыңғы 3 жылмен салыстырсақ келесідей: 116-202-564-580, яғни, көрсеткіштердің жыл сайын біртіндеп арта түскенін көруге болады. Егер, сот органдары қызметкерлері мен Қорғаушылар алқасы мүшелерімен 1926/1927 жылы 924 баяндама жасалса, ал 1927/1928 жылы 2 884 баяндама жасалды. 1928 жылы 10 округтың мәліметтері бойынша тексеріс және ағымдық жұмыс барысында төмендегі құқық бұзушылықтар үшін 253 Прокурорлық наразылық білдірілді: а) заңсыз қамауға алу – 9-3,6%; б) саулау құқығынан заңсыз айыру – 13-5,2%; в) заңсыз айыппұл салу - 100-39,9%; г) заңсыз муниципалдау – 18-7,2%; д) жер кодексін бұзу- 27-10,8%; е) сауда тәртібін бұзу – 3-1,1%; ж) еңбек заңдарын бұзу – 15-5,5%; з) салық туралы заңды бұзу – 12-4,4%; и) бюджеттік ережені бұзу – 4-1,6%; к) сот қызметтерін иемдену – 8-3,2%; л) басқа да заң бұзушылықтар- 44-17,5%[11, П. 3].

Көрсетілген наразылықтар саны жергілікті биліктің міндетті қаулысы бойынша келтірілді: а) Губерниялық атқару комитеттері (әрі қарай - ГАК) – 3; б) уездік атқару комитеттері – 4; в) Қалалық кеңестер – 8; г) болыстық атқару комитеттері (әрі қарай - БАК) – 32. Барлығы – 47. Оның ішінде 38 қарастырылып, 37 қанағаттандырылды. Жергілікті биліктің қаулысына (міндеттіден басқа) наразылық білдірілді: а) ГАК –28; б) уездік атқару комитеттері – 14; в) Қалалық кеңестер –7; г) БАК – 41; д) басқа органдар – 116. Барлығы 206. Оның ішінде 166 қарастырылып, 162 қанағаттандырылды. 1926/1927 жылы жергілікті биліктің қаулыларына білдірілген наразылықтар 597 құраса, ал 1927/1928 жылы 258 құрады. Наразылық көрсеткішінің төмендеуі - жергілікті билік органдары жұмысының жақсарғандығын және заңдылықты сақтауда біршама жетістіктерге жеткендіктерін айғақтады. Прокуратура органдары мен халықтың арасындағы байланыстың көрсеткіші

арыздар мен өтініштердің келесідей қозғалысы болып табылады (10 округтың мәліметтері бойынша): а) әкімшілік жазаларға – 633 - 2,9%; б) Еңбек туралы заңды бұзу – 1 423 - 6,6%; в) жер мәселесі бойынша – 1 084 – 5,2%; г) салықты дұрыс салмау – 916 - 4,2%; д) құрылысты муниципациялау бойынша – 235 - 1,2%; е) баспана істері бойынша – 593 - 2,7%; ж) басыбайлы келісімдерге – 205 - 0,9%; з) алименттер бойынша – 2 081 - 9,7%; и) басқа мәселелер бойынша – 1 337 - 66%. Тергеумен аяқталған арыздардан 18 123 - 84,5% қанағаттандырылды және ешқандай зардапсыз 3 384 – 15,5% қалдырылды [11, П. 4].

Арыз-өтініштер аяқталғаннан кейін келесідей іс-шаралар қабылданды: а) әкімшілік жаза қолдануға жіберілгені – 275; б) қозғалған тәртіптік қудалау – 243; в) қозғалған қылмыстық қудалау – 3 431; г) азаматтық шағымдар – 758. 10 округтың мәліметтері бойынша арыздар мен өтініштер, сонымен қатар тергеу материалдары бойынша Прокуратура төменгі органдардың қызметкерлеріне қарсы қудалау қозғалады: а) БАК мен ГАК – 118; б) ауылдық кеңестердің – 137; в) төменгі кооперациялардың – 133; г) басқа органдардың – 54. Оның ішінде қылмыстық қудалау – 371, тәртіптік – 52. Қылмыстың сипаты бойынша: а) шығындар мен жалғандық – 152; б) билікті асыра қолдану – 87; в) басқа да лауазымдық қылмыстар – 178. Ол бойынша ауылдарда Прокуратураның қатысуымен қылмыстық іс – 325, азаматтық – 108 қарастырылды [11, П. 5].

Жоғарыда аталған ӘХК жүргізген жұмыстар бұқара халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюға септігін тигізді, олардың заң органдарына деген сенімін арттырды. Ал лауазымдық тұлғаларға қарсы қылмыстық қудалау қозғау және заңсыз қаулыларға наразылықтар білдіру, тексеру және нұсқаулық жүргізу жұмыстары халықтың құқықтық сауаттылық деңгейін көтеруге ықпал етті. Ж.Садуақасов бұл туралы былай деді: «... егер біз 3-4 жыл бұрын ауылдарда әсіресе заңсыз қамауға алу, тәркілеу, салық салуға байланысты заңсыздықтар мен әділетсіздіктердің куәгері болсақ, енді заң бұзушылық біріншіден - сирек кездесетін құбылысқа айналды, екіншіден – оның сипаты біршама өзгерді. Заңсыз салық салу мүлдем жойылып, заңсыз қамауға алу мен тәркілеу сирек кездесетін болды» [11, П. 5].

Халықтың мәдени деңгейінің жалпы артуы және төменгі аппараттардағы қызметкерлердің біліктілігінің көтерілуінің әсерінен қоғамдағы бекітілген қатаң құқықтық тәртіпке қарай заңдылықты сақтау да нығая түсті. Тағы да көрсеткіштерге жүгінсек, 1926/1927 жылы шаруалардың арыз-өтініштері бойынша: а) әкімшілік қудалау – 597; б) тәртіптік жаза – 599; в) қылмыстық қудалау – 2 015; г) азаматтық шағымдар – 295 [11, П. 6].

Ал, 1927/1928 жылдардың мәліметтері бойынша қылмыстық қудалау – 3 481, азаматтық шағымдар – 758 болғанын көруге болады. Бұл көрсеткіштің өткен жылмен салыстырғанда 1928 жылы артуы халыққа құқықтық көмек беру деңгейінің артуымен түсіндіруге болады. Алайда, астық дайындаудағы заң бұзушылықтар әділет органдарының қызметіне біршама нұқсан келтірді. Астық дайындаудағы заң бұзушылықтарға байланысты арыз берушілердің басым көпшілігін шаруалар құрады: а) мемлекеттік органдардан – 7,8%; б) қоғамдық ұйымдардан – 2,7%; в) жұмыскерлерден – 7,9%; г) шаруалардан – 29,8%; д) батрақтардан – 5,9%; е) қызметкерлерден – 11,4%; ж) қызыл әскерлерден – 1,8%; з) еңбектік емес элементтерден – 2,6%; и) басқалардан – 20,1% [11, П. 7].

Ж.Садуақасов қоғамда кең етек алған жалған келісім-шарттар жасасуды заңсыздықтың тағы бір келеңсіз көрінісі деп санап, онымен күресуге баса назар аударды. Бұл салада күрес одан бұрын жүргізілгендігімен, осы уақытқа дейін ол ешқандай нәтижеге қол жеткізбеген еді. Бұрынғы жалған келісім-шарт сипатына қарағанда бұл жылдардағы көрініс жобамен 90%-ға өзгеріп, мүлдем басқа сипатқа ие болған еді. Жалған келісім-шарт көбінесе сатып алу-сату саласында болса, енді өндірістік қарым-қатынас аясында туындады. Жалғандықтың қайнар көзі: а) ауылдарда жұмыс күшін жалдау; б) өндіріс құралдары үшін жұмыс істетуге жалдау; в) астық жинау машиналары үшін белгілі мөлшерде ақшалай немесе заттай ақы төлеумен жалдау; г) жерді үлестік жалдау; д) қарыз келісім-шарты болып табылды. Ол жоғарыда аталған көріністердің күннен-күнге артуын кеңестік және қоғамдық

аппараттың нашар жұмыс істеуінен деп түсіндіре келіп, ол үшін келесі жағдайлардың мүмкіндік жасайтынын атап өтті: 1) батрақтардың ұйымшылдығының болмауы және оның мәдени артта қалуы; 2) еңбектік жалданудың жазбаша келісім-шартының нашар қолданылуы; 3) келісімдік қарым-қатынасты белгісіздікке әкеп соғатын еңбек үшін заттай төлем төлеу. Жоғарыда аталған себептер жалған келісім-шарттармен күресуді біршама қиындатты. Мысалы, батрақтардың өтірік пен көзбояушылықтың құрбаны болып, бірақ оны сәйкес заң орындарына хабарлауы осының дәлелі болып табылады. Батрақтың ісіне тіпті кәсіподақ араласқан күннің өзінде оның оң шешіміне табуға көбіне жол берілмейтіндіктен, ол батрақтардың құқығын қорғауға және олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға күш салу қажет деп есептеді. Қоғамда заңдылықты нығайтуға барлық күшті жұмылдырған Ж.Садуақасов баспасөз беттерінде жарық көрген заң бұзушылықтар туралы мақалаларды да қалт жібермей, оны жан-жақты қарастырды. 1928 жылы 10 округтың мәліметтері бойынша 5 026 газет жазбалары түсті. Оның ішінде тергеумен аяқталғаны – 2 328, 1928 жылдың 1 қазанында аяқталмай қалғаны 3 444, яғни 44% болды. Жазбалардың мазмұны төмендегідей: а) еңбек туралы заңның бұзылғандығына – 446 - 8,8; б) жер даулары бойынша – 160 - 3,3%; в) жалған келісім-шарт бойынша – 76 - 1,5%; г) қызметтік қылмыстар – 976 - 19,8%; д) кооперациядағы қылмыстар – 265 - 5,2%; е) басқа да істер бойынша – 2 103 - 61,7%. Тергеумен аяқталған жазбалардың 1 270 расталды, яғни 54,6%. 1 036 немесе 44,5% расталмады. Аяқталған газет жазбалары бойынша: а) тәртіптік қудалау – 225; б) қылмыстық қудалау – 678; в) наразылық білдірілгені – 27; г) азаматтық шағым қозғалғаны – 74; д) қылмыстық тәртіпте ауыл жұмыскерлерінің құқықтарын бұзғаны үшін қозғалған қудалау-11 [11, П. 8].

Ж.Садуақасов газет жазбалары бойынша істерді қараудың төменгі деңгейде екендігін, тергеудің тым ұзаққа созылуына байланысты, сот алдына барғанда істің мәні мен маңызын жоғалтатындығын, сонымен қатар газеттік жазбалар бойынша істер аяқталғаннан кейін, оның нәтижелері туралы баспасөзде жарық көрмейтіндігін айтып, оны жақсарту жолдарын іздеді. Жоғарыда көрсетілген сандар мен көрсеткіштер Қазақстанда заңдылықты дамыту жолында жасалған қыруар жұмыстардың айғағы болып табылады. Ж.Садуақасовтың көреген басшылығымен заң саласының барлық саласы қарқынды дамып, қоғамдағы заңсыз қамауға алу, тәркілеу және т.б сияқты кеңінен орын алған келеңсіздіктерге тосқауыл қойылды. Дегенмен, ол Қазақстандағы заңдылықты сақтауды дамытудың және халықтың әлі де болса құқықтық білімін жетілдірудің көп жұмыстарды қажет ететіндіктерін мойындай отырып, оны алға жылжытудағы басты тежегіштер: 1) қазақ ұлтының арасынан шыққан заң қызметкерлерінің жетімсіздігі және жұмыс істеп жүргендердің дайындық деңгейінің төмендігі; 2) мүлдем жол беруге болмайтын жағдай - қазақ халқы мен қазақ қызметкерлерінің ана тіліндегі құқықтық әдебиеттермен қамтамасыз етілмеуі деп атап көрсетті [11, П. 9].

Сонымен қатар, Прокуратура органы тарапынан атап кеткен басты тежегіштерді жою жолдарын көрсетіп, төмендегідей ұсыныс жасады: а) алдағы жылдардың бюджетін қарастыру барысында әділет органдарына қазақ мамандарын дайындау үшін 250-300 қазаққа арналған мектеп ұйымдастыруға қаражаттың өте қажеттілігін ескеру; б) баспа мәселесіне көп көңіл бөліп, барлық негізгі заңнамалық актілерді қазақ тіліне аударуға қол жеткізу; в) барлық күшті құқықтық сауаттылықты арттыруға, заң үйірмелері мен қысқа мерзімді курстар арқылы төменгі қызметкерлердің біліктілігін жетілдіруге жұмылдыру және құқықты, заңдылықты сақтауды насихаттауды күшейту, бұл іске барлық қоғам мүшелерін тарту; г) ауылдарға баса назар аудару. Қаланың әрбір Прокуратура қызметкерінің айына кемінде 10 күн ауылда болу тәртібін белгілеу. Әділет органдарының ауылдың бұқара халқына формальді түрде емес, шынайы бетбұруын іске асыру; д) ауылда болып жатқан шаруашылық үрдістерді зерделеуге және осы үрдістерді зерделеуден шыққан пайымдауларды жоғарғы органдардың алдына қою бастамасына баса назар аудару; е) оқу үйлерінің, қызыл

бұрыштардың, клубтардың және т.б қоғамдық ұйымдардың жанынан халыққа құқықтық көмек көрсету мақсатында арнайы заң кеңестерін беруді кеңінен дамыту [11, П. 10].

Ж.Садуақасов мемлекеттік заңдылықты сақтауда аянбай еңбек етті, Әділет Халық Комиссары және Республика Прокуроры қызметін абыроймен және үлкен жетістіктермен атқарды. Сонымен, қорыта келгенде, ол заң саласын дамытуда келесідей жұмыстарды атқарды:

1. РКФСР ҚК-не рулық тұрмыстың қалдықтарын құрайтын қылмыстар бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізді, оны «Х» жаңа тармағымен толықтырды, әмеңгерлік, мал ұрлау, көп әйел алушылық, барымта сияқты қазақ қоғамындағы тұрмыстық қылмыс түрлерін заңдастырды;

2. Байларды тәркілеу саясатына қарсы болып, оған тосқауыл қойды, Қазақстан аймақтарында егін, астыққа байланысты әділетсіз сотталып, зардап шегіп жатқан қарапайым шаруаларды, байлар мен ауқаттыларды бостандыққа шығарды, нағыз заң бұзушылардың лайықты жазасын беруді талап етті;

3. Әділет, сот, прокуратура саласында жұмыс істейтін әйелдердің, әсіресе қазақ әйелдерінің санын арттырды, олардың қоғамдағы ролін арттыру, құқығын қорғау бойынша бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды;

4. Тұрмыстық қылмыс түрлері бойынша салынған айыппұлдарды және тәркіленген қалыңмалдарды қазақ әйелінің тұрмысын жақсарту қорына аударды;

5. 1928 жылы жүргізілген жаңа территориялық бөлініс - аудандастыру реформасы бойынша сот-тергеу желілерінің жұмысын дұрыс жолға қоюды жақсартты, оған белгілі бір деңгейде тиімділік беру арқылы аппараттың желісін кеңейтті және оны оңтайландырды;

6. Халық соттарының жұмысын дамыту, қызметкерлердің ұлттық құрамын қазақтармен жасақтау, сот істерін қазақ тілінде жүргізу жұмыстарын жүзеге асырды;

7. Соттардағы өндірісті жеңілдету және жеделдету, оңтайландыруды жоспарлап, ол туралы нұсқаулар әзірледі;

8. Тек заңдылықты нығайтып, заң кадрларын дайындап қана қоймай, бұқара халықтың құқықтық сауатын ашуға да баса назар аударды, әсіресе ауылдық жерлердегі халықпен жұмыста біршама нәтижелерге қол жеткізді;

9. Қазақ халқы мен заң саласындағы қызметкерлердің ана тіліндегі құқықтық әдебиеттермен қамтамасыз ету мәселелесін көтерді, халықтың құқықтық білімін арттыру жұмыстарын жүргізді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Файзуллаев А., Кабдошов Б. Сын своего времени //Заң.- 1999. №36 (303). С. 3.
2. Файзуллаев Ә, Қабдөшев Б. Юстиция Халық Комиссарлары.- Алматы: Жеті Жарғы, 1999. 221 б.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты (әрі қарай – ҚР ПМ). Қ.141. Т.1. Іс 1827 «а» П. 302.
4. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (әрі қарай – ҚР ОММ) Қ.1380. Т.1. Іс 184. П. 202.
5. Постановления третьей Сессии Казахского Центрального Исполнительного Комитета 6-го созыва. (30 апреля – 6 мая 1928 года). -Кзыл-Орда, 1928. С.34.
6. За неуклонное осуществление линии ЦК, за подъем национальной культуры. Из речи тов. Садвакасова на VI пленуме Казкрайкома ВКП (б). //Казахстанская Правда. - 1933.-23 июля. С. 2.
7. ҚР ОММ Қ.1380. Т.1. Іс 195. П. 132.
8. ҚР ОММ Қ.1380. Т.1. Іс 242. П. 38.
9. VII Всеказахский съезд Советов. 8-15 апреля 1929 г. (Стенографический отчет и постановления). - Кзыл-Орда, 1929. С. 2.

10. ҚР ПМ Қ.141. Т.1. Іс 2388^б. П. 110.

11. ҚР ОММ Қ.1380. Т.2. Іс 290. П. 2.

УДК 94 (574.24.)

МУСУЛЬМАНСКОЕ ДУХОВЕНСТВО В РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ

Баширова Акерке Муратовна

Akerke_bashirova@mail.ru

Магистрант специальности «История» ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - Г. Мусабалина

Происхождение названия "мусульманское духовенство" связано с попытками русских властей обозначить тот слой мусульманского общества, который в русском сознании отнесен к служению Богу в формах христианской церкви. Неточность использования понятия "духовенство" по отношению к Исламу, не имеющему церковно-иерархической организации, несомненна. В отечественной исламоведческой литературе представляется наиболее удачной попытка с целью сопоставления соответствующих слоев "христианского" и "мусульманского" обществ определить "духовенство" в мире Ислама как "социальный слой, в функции которого входят сохранение религиозного знания и осуществление религиозного и морального руководства общиной единоверцев" [1, с. 9].

«Под мусульманским духовенством подразумевают совокупность лиц, связанных с отправлением культа (мулла, муэдзин), судей (*кади*), правоведов (*факих*) и богословов (улем, муджтахид), руководителей общин верующих (*имам*), правителей государства (*халиф*), а также глав отдельных религиозных общин (*муфтий*), орденов, братств (шейх ишан)»

До создания Оренбургского мусульманского Духовного собрания региональным центром религиозного управления мусульман стал Сеитовский Посад Оренбургской губернии. Старшие духовные лица (ахуны) Сеитовского посада были крупнейшими неформальными лидерами и оказывали определенное влияние в этом полиэтничном регионе. Мусульманские ученые Сеитовского посада, имевшие широкий кругозор, познаниями в шариате, математике, астрономии, ежегодно определяли время начала и окончания поста, рассылая по всему уезду предписания о времени проведения религиозных праздников. Согласно данным оренбургского историка-исламоведа Д.Денисова старшими ахунами Сеитовского посада были: до 1768 г. – Габдессалам бин Ураи (1700 – не ранее 1768), в 1768– 1778 гг. Абдулнасыр Габдессаламов), в 1778–1812 гг. – Абдрешит Абдулкаримов (1741–1812), в 1812–1834 гг. – Надыр Абдулвагапов (?–19.11.1834), в 1854–1883 гг. – Абдулкарим Рафиков (1796–1883), в 1884–1916 гг. – Исхак Махмутович Исмагилов (12.09.1826–16.03.1916) [2, с. 6-7]

Как мы видим, еще до создания государственной структуры по управлению духовными делами мусульман появился центр в лице Сеитовского посада и лица в качестве старших ахунов, выполнявших консолидирующую и организующую роль мусульманских общин в регионе, контролирующие религиозные обряды населения, разрешавшие конфликтные вопросы, рассматривавшие семейно-брачные и имущественные вопросы мусульман.

Созданное в 1788 году Оренбургское Духовное собрание было коллегиальным органом, деятельностью которого руководили председатель (муфтий) и три заседателя (кади). Муфтий назначался пожизненно императором по представлению министра внутренних дел. Кади первоначально избирались на 3 года мусульманским духовенством Казанской губернии, а после 1889 г. стали утверждаться на тот же срок Министерством внутренних дел по представлению муфтия. В компетенцию ОМДС входили: 1) принятие экзаменов у кандидатов на мусульманские духовные должности; 2) осуществления контроля